




**КИБЕРҚЫЛМЫСТАРДЫҢ  
АЛДЫН АЛУ  
ӨЗЕКТІ**

2-бет



**ПАВЛОДАР  
«МАНЬЯГІ»  
ҚАЛАЙ  
ҰСТАЛДЫ?**

8-бет

**ҰТЫСТАН  
ҚҰР  
ҚАЛМАҢЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып,  
ұтысты болыңыз!  
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО  
МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы,  
сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады.  
Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаң-  
сорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық  
техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң»  
медиа-корпорациясының қолдауымен  
жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығар-  
малар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ  
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бө-  
лімшесіне барып:  
«Заң газетіне» (ин-  
декс – 65921); «Юриди-  
ческая газетаға» (индекс  
– 65928); «Заң» журна-  
лына (индекс – 75849);  
(Фемида» журналына  
(индекс – 75858) жыл  
соңына дейін жазылып,  
түбіртіктің көшірмесін  
бізге жолдасаңыздар  
болғаны!

Екі басылымға жа-  
зылғандардың мүмкін-  
дігі екі есе өседі!

**ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ  
28 МАУСЫМ – журналис-  
тер күні анықталады.**  
**Ал, іске сәт!**







# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru №29 (3560) 18 сәуір 2023

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## СҰРАҒЫ КӨП СУБСИДИЯ



Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесінің дұрыс істемеуі салдарынан 40 мың фермер субсидиясыз қалуы мүмкін. Осыдан қауіптенген бірқатар аймақтағы дихандар ереуілге шықпақшы екен. Бұл бер жағы. Егер тез арада шара қолданылмаса мұның арты азық-түлік өнімдерін өндіруде іркіліс тудырып, олардың бірқатарының тапшылыққа айналуымен қатар, бағасының да өсуіне алып келеді. Мәселенің осындай деңгейде ушығуы жайлы өткен аптада Парламент Мәжілісінде өткен дөңгелек үстел барысында айтылды.

(Соңы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

**Раушан ШӘМІЛ,**  
ҚР Туризм индустриясы ұлттық  
қауымдастығының президенті:

### «ЖАРНАМАҒА АЛДАНЫП ҚАЛАТЫН САЯХАТШЫЛАР АЗАЙМАЙ ТҰР»

– Раушан Шәмилқызы, сұхбатымызды турист немесе саяхатшы деген кім деген сауалдан бастап, оның қоғамда алатын орнын анықтап алсақ?

– Турист деген сөзге түсініктеме берер алдында алдымен 2001 жылы қабылданған еліміздегі туристік қызметтің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдық негіздерін белгілейтін «ҚР туристік қызмет туралы» заңдағы ресми анықтамасына тоқталып өтейін. Онда туристке – уақытша болатын елге (жерге) 24 сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға деген анықтама берілген. Ал туризм – туристің тұрақты тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты емес саяхатта уақытша болуы деп түсіндірілген.

Енді оны қазақы ұғыммен түсіндірер болсақ, «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп» деген тәмсіл бекер айтылмаған. Радио мен теледидар, телефон, интернет жоқ кезде де адамдар өзге жұрттың жаңалығын біліп, оның мәдениеті мен өнерінің жетістігінен хабардар болып отырған.

(Соңы 4-бетте)

МӘСЕЛЕ

## ЖАМАН НӘРСЕНІҢ ЖАЛАУЫ ЖЫЛДАМ ЖЕЛЫРЕГІШ

Осы күні тосын әрі адам баласына жат әрекеттер қоғамда жиі орын ала бастады. Қоршаған ортадағы жаңалықты айна-қатесіз көрсетіп беретін әлеуметтік желілердің бетінде небір сұмдықтар қаптап жүр. Жат көріністің көптігі соншалық, қайсыбіріне тіпті селт етпейтін де болдық. Меніңше, осының бәрі тым «ашықтық» салдары. Біздің тыйым мен тағылымға толы қазақы тәрбиеміз бірте-бірте табалдырықта қалып, бөгде елдің бөстекі тірлігі ес-ақылымызды алып, ой-санамызды сансыратып тастады.

Бұрын арманына жету үшін адамдар талпынатын, еңбектенетін. Қазір бәрі қолжетімді. Қиналудың керегі жоқ. Бұрын құпия көрінген нәрсеге қызығушылық жоғары еді. Қазір бесіктен белі шықпаған баланың өзі ертегіге сенбейді. Бұрын сыбырлап та айтылмайтын сөздер болатын. Қазір түйсікпен

ғана сезінуі тиіс нәрсенің өзі жұртқа жария. Бұрын кеңестік қысымшылықтан зардап шектік деп, демократияны аңсадық. Бірақ, сөз бостандығы еркін ойлылықтан еркінсуге ауысып, охлократияға ұласты. Бұрын үлкенді кіші сыйлайтын, кішіні үлкен тыңдайтын. Қазір кішілер кәрілердің бетінен алып, төсіне шаба-

тын, үлкендер кішіні баласынып, жерден алып, жерге салатын тенденция етек алды.

Осылайша аз ғана уақытта шетелдің өркениетін меңгереміз деп, өзіміздің ұлттық көркем ниетімізден айырылды. Бүгінгі жағдайға қарап отырып қылмыстық істер кодексінен өлім жазасын алып тастағанымыз дұрыс болмады ма деп ойлаймын кейде.

Осыдан аз-ақ жыл бұрын бүкіл елді дүрліктірген сәтбаевтық педофилдің жантүршігерлік зорлық-зомбылығы қалай естен шықпақ? Ең ауыр үкіммен түрмеге қамағаннан педофилдерді ауыздықтау мүмкін бе? «Өмір бойы бас бостандығынан айырылу» арқылы кісі өлтірген қылмыскерлер қатыгездіктен тыйыла ма? Мемлекеттің «асырауымен» абақтыда күнелтіп жатқан олардың жауыздығы «жазылып

кететініне» кім кепіл? Шегіп алып дүниенің астан-кестенің шығаратын нашарларды да «емдеп», «қамқорлығымызға алудамыз». Адекватты емес қылмыскерлер қаншама? Терроризмге шалықтаған содырлардың жанкештілігіне қандай дауа бар? Тізе берсең, зулымдықтың ұшы-қиыры жоқтай. Қайтпек керек?

Өзінің өзегінен шыққан үш балапанының өмірін қиған (әке деген аттан садаға кетсін) ақтаулық әкенің ісі осындай кесепаттардың ең сорақысы. Діни ағымның жетегінде жүрген жан болса, оған тіпті кешірім болмауы тиіс. «Аюға намаз үйреткен таяқ» деген сөз бекер айтылмаған. Өлім жазасын қолданысқа енгізу керек. Бір-екі қылмыскерді дүрелеп емес, ажал аузына жүрелеп әкелсек, есалаң заманда есіргендер, жан керек болса, есін жылдам жияр ма еді, бәлкім. Содан кейін, ата-дәстүрдің ізіне түсіп, бабалар салған түзу сүрлеуді қайта тапсақ, әлгі «өлім жазасын» кезі келген уақытта өзгерте салу қиын емес.

Қалай дегенде де, үш баласын өз қолымен өлтірген жауыз әкеге жұмсақтық танытуға болмайды.

(Соңы 8-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

# КИБЕРҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ӨЗЕКТІ



Киберқылмыстардың, яғни, компьютерлік қылмыстардың шығу тарихы 1960 жылы американдық басылмаларда жарық көре бастады. Кейін басқа елдердің әдебиеттерінде қолданылды. КСРО кезінде ең бірінші Вильнюсте 1979 жылы 78 584 рубль көлемінде ақша қаражаты компьютерлік тәсілмен ұрланғаны тіркелді. Кейін Парижде 1983 жылы өткен Халықаралық ынтымақтастық және даму ұйымы мамандарының басқосуымен криминология ғалымдарының киберқылмыстарға құқықтық баға бергені, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 1997 жылғы редакциясында аталған қылмыстық жауаптылық қаралғаны баршамызға мәлім.

Қазіргі кезде қоғамды дендеп бара жатқан, оңай жолмен ақша табудың терминологиялық түсіндірмелеріне тоқталар болсақ, кибернетика сөзі көне гректің «басқару өнері» сөзінен кейін ағылшын терминіне көшкен «cybernetics» яғни, басқару жүйелеріндегі ақпаратты алу, сақтау және өңдеу ісінің жалпы заңдылықтары туралы ғылым ретінде танылды.

Компьютерлік қылмыстарды ресейлік ғалымдар 3 түрге бөлді:

Бірінші, ақпаратқа, ақпараттық желіге құқыққа сыйымсыз қол жеткізу. Бұл біздің Қылмыстық кодекстің 2014 жылғы редакциясында 205-бапта қамтылған;

Екінші, зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану мен тарату (ҚР ҚК-нің 210-бабы);

Үшінші, ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінің жұмысын бұзу (ҚР ҚК-нің 207-бабы).

«Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлықтың 4.5) тармағында Президент жалпы құқық жүйесіне тән кейбір институттарды ойлап, абайлап енгізе отырып, қазақстандық құқықтың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру міндеті тұрғанын атап өтіп: «Смарт-келісім-шарттар және электрондық коммерция (е-сонтмерсе) туралы заңнаманы жетілдіру тұтынушылардың қатысуымен болатын құқықтық қатынастарды қоса алғанда, шарттық құқықтық қатынастарға қатысушылар құқығын қорғауға бағытталуы тиіс» деп көрсетті.

Алайда, қазіргідей ғаламтор желісінің қолжетімділігіне сәйкес алаяқтық қылмысын кибер әдіспен жасау күн санап өсіп келеді. ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 4) тармағымен, яғни, ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікті иемдену қылмыстарының бірі ашылғанымен, ашылмай жатқаны жетерлік. Ондай қылмыстың құрбаны болған адамның өзі ішкі істер органдарына жүгінуге құлықсыз, себебі, арыз берудің әуресі көп. Ол аздай, арыздың аяқсыз қалатынын халық түсінген. Бұндай осал тұсты пайдаланған алаяқтық адымын алшаң басып, оңай ақша табу үшін күніне бірнеше жанның картасындағы ақшасын, телефондағы бірлігін, киви әмияндарындағы электронды ақшасын ғаламтор дүкендерінен зат алғанын немесе әлеуметтік желіні пайдаланып, қажеттіліктерін алу үшін тапсырыс берген кездерін пайдалана отырып, дамылсыз тонап мазасын қашырыда. Қазіргі таңда халықты бір ғана ой мазалайды, ол «даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» деп жүрмей, «оңай да тиімді жолмен қолды болған ақшасын кері қайтару». Бұл

сұрақтың шешімін тауып, құқықтық мемлекетімізді нығайту үшін биліктің ойланатын кезі жеткендей. Дегенмен, «бұл құрықтан халықты құтқару үшін қандай жағдай жасау керек» деген ой әркімге де келері сөзсіз. Тұжырымдамалар өз бағдарын беріп жатса да қозғалар сең жоқ, халық тоналу үстінде.

Сондай-ақ, «қалай екен, арыз берген малай екеннің» күйін ешкім кешкісі келмейді. Ішкі істер органдарына түскен арыз қаралып, адам табылды дегенше, ол қылмыскер ізін жасырып не болмаса қаражатты жұмсап тынады. Ал ақшаны қайтармаған қылмыскердің жаза алғаны қара халық үшін маңызды емес. Тіптен, сот тәжірибесінде кездесетіндей, бұрынғы жасаған қылмысының залалын сол тектес қылмыстық жолмен алынған қаражатпен өтеп шығып, ол іс қайта сотта қаралғанда тағы солай өтеп жүретіндер жетерлік. Анығында сот оның қанша адамды алдағанынан бейхабар болады. Себебі, ол іс қаралып жатқанда келесі ісі сотқа келмеген, тіптен ашылып та үлгермеген болады.

Тәжірибеде, әсіресе, әлеуметтік желілер арқылы нарық құнынан төмен бағамен тауар сату, карта нөмерін тұтынушы бағдарлама арқылы жазғанда одан ақша жымқыру, ақшасын алып міндеттемесін орындамай, байланыстарын өшіріп тастау фактілері жиі орын алады. Сондықтан да құқық қорғау органдарының жұмысы шашетектен. Қылмысты ашуға көп уақыт кететіндіктен, халыққа қызмет көрсету органдары жанынан тергеуге дейінгі әрекетті жүргізетін тиісті мекемелер ашу тиімдірек деп ойлаймын.

Қылмыстың жолын кесуде жоғарыда аталған орталықтарға халыққа тиімді сенім телефондарын орнатып, жәбірленушінің қоңырау келіп түскен кезде, ондағы бағдарламашы мамандар құқық қорғау, банк, ақпараттық қызмет көрсету, байланыс орталықтарындағы базаларға ене алатындай, өзара байланыста болып, түскен мәлімет бойынша электронды ақшаны алған адамды тауып, аударылған шотты бұғаттап, ақшасын қайта шотына салатындай уәкілеттілікте болуы, яғни, «темірді қызған кезінде соғу» амалын қолданып, әрі қарай жәбірленуші азаматтың құқық қорғау органына арыз беру құқығын өз еркіне қалдыруы қылмыстың алдын алуға көмектеседі. Бұдан киберқылмыстар жойылып кетпегенімен, саны төмендері сөзсіз. Қоғамды жайлаған дертпен қоғам болып күресу, тентекті жөнге салу құқықтық саясатты дұрыс реттеуден басталады.

**Элизавета АТЧИБАЕВА,**  
Байқоңыр ауданы  
№2 сотының судьясы  
АСТАНА ҚАЛАСЫ

БІТІМ

Ағайын арасындағы дауды татулықпен шешу, түрлі кикілжіңдерді бейбіт жолмен реттеу біздің би бабаларымыздан қалған тамаша үрдіс. Сол тарихи құндылықты жаңғыртпа «Медиация туралы» заң септігін тигізді. Медиация институты үлкен даму баспалдағынан өтті. Әрі бұл ілгерілеудің бастауында сот саласы тұрғанын ерекше атап өткен жөн.

дың келісімі қос тарапқа да ыңғайлы. Дауды сот арқылы шешкісі келгендер жұмыстан сұранып, басшының көзіне түседі, негізгі шаруасын тастап, табысынан ажырайды, отбасын ұмытып, шаңырақта салқындық туындауына себепші болады. Одан гөрі бітімге

# «ЕЛ ІШІНДЕ ДАУ КӨБЕЙСЕ, ЕЛ СЫРТЫНДА ЖАУ КӨБЕЙЕДІ»

Медиацияның қолданысы кеңеюі үшін ең алдымен ақпараттық, насихат жұмыстары қолға алынды. Респубикадағы барлық сот ұжымдары, судьялар жаңа заңды таныстыру, тиімді тетіктерін түсіндіру бойынша кешенді шараларға мұрындық болды. Екіншіден, кәсіби және кәсіби емес медиаторларды көпшілікке таныстырған да, халық пен медиаторлар арасында алтын көпір болған да – соттар. Елге сөзін өткізе алатын, тараптарды татуластыруға ықпалы, қабілеті бар жандарды медиаторлыққа тартып, олардың танылуы үшін сот ғимаратынан арнайы бөлме, бұрыштардың берілгеніне де жұртшылық куә. Осының бәрі өз кезегінде медиация ұғымының халық санасында біртіндеп орнығуына себепші болды.

Үшіншіден, сот саласы әкімдік, кәсіпкерлер палатасы, кәсіподақ ұйымы, ассамблея өкілдерімен меморандум жасауға бастамашы болып, екі жақты келісімнің нәтижесінде әр өңірде ардагерлер алқасының, Билер кеңесінің құрылуына, мықты медиаторлар шоғырының қалыптасуына ықпал етті.

Төртіншіден, медиацияның қолданысын кеңейтетін заңдық механизмдердің енгізілуіне сот жүйесі бірден-бір себепші бола білді. Осындай кешенді іс-шаралардың арқасында бүгінде медиацияны қолданып мәмілеге келушілер қатары да өсе түскен.

Бірақ соған қарамастан, маңызды институттың артықшылығын жұртқа түсіндіру, таныстыру жұмыстары бір сәт те тоқтамауы керек. Өйткені, медиацияны тәжірибеге енгізудің өзі қарапайым халықтың даулы істерін жедел, тиімді, оңтайлы

шешуге бағытталған. Ал жеделдік пен теңқұқықтың, еріктілік пен құпиялылықтың кілті медиацияда екені түсінікті. «Дау қуған бәлеге жолығады», «Дауласқан елде бірлік болмайды» дегенді бабаларымыз тегін айтпаған. Сондықтан, біз бұл институттың артықшылығын елдегі ынтымақты сақтауымен байланыстырғанымыз жөн.

Медиация – уақыт жағынан да ұтымды. Мұны дауын медиатордың, судья-татуластырушының, адвокаттың көмегімен шешкендер жақсы білсе керек. Себебі, дауды сот арқылы шешу көп уақытты қажет етеді. Сот әктісі қолға тигенше апта, ай емес, тіпті жыл өтуі мүмкін. Ал нағыз пайда табар, табысын еселер уақытта дау қуып сотта жүру ешбір азаматқа абырой мен береке әкелмейді. Осы тұрғыдан алғанда екі тарапты теңдей тыңдай отырып, даудың тоқтету түйінін тарқатып, ортақ мәмілеге келтіретін медиатор-

келесі осы кедергілердің біріне де кездеспейтінін тәжірибе көрсетіп отыр.

Сонымен бірге, сот процесі өткенде сот әктісінің дер кезінде орындаларына кепілдік жоқ. Ал медиациялық келісімде бажды қайтарып алуға мүмкіндік туып қана қоймай, қос тарап өз қалауымен ортақ келісімге келетіндіктен өзара бекітілген талаптың да орындалуы тез. Сотта өзіңнің дұрыстығыңды дәлелдеу үшін қаншама құжат жинап әуреге түсетінің белгілі. Медиаторлардың көмегіне жүгінгендер қағазбастылықтан арылады. Өйткені, тараптар арасындағы келісім өзара сенімгерлік сипатында өтеді. Тәжірибе барысында өз тиімділігін толық дәлелдеген медиация институтын әрі қарай жандандыру баршамыздың парызымыз.

**Дәурен ТІЛЕУБАЕВ,**  
Бостандық аудандық  
сотының төрағасы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



СУДЬЯ МІНБЕРІ

# ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТЕГІ МЕДИАЦИЯ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгізілуіне 2 жылға жуық уақыт өтті. Бұл кодекстің маңызды жаңалықтары жеткілікті. Соның ішінде әкімшілік әділет институты жария-құқықтық даулардың оңтайлы, сапалы шешілуіне тікелей түрткі болды.

Бұдан бөлек, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес талап арыз берілген сәттен бастап іс сотта қозғалған болып есептеледі. Құжатқа сүйене отырып азаматтар өз талабының дұрыстығын дәлелдеп әуре болмайды. Себебі, дәлелдеу ауырталпы мемлекеттік органға жүктелген. Ал сот барысында мемлекеттік орган өз шешімінің заңды және негізді екенін дәлелдей алмаса, істе жеңіледі. Кодекстің басымдықтары судьялардың тараптарға көмек ретінде жекелеген құқықтық мәселелер бойынша алдын ала өз пікірін айтуына жол ашты. Әсіресе, құжаттық мемлекеттік органдар жұмысын реттеуге пәрмені зор. Соның ішінде процестік мәжбүрлеу шарасының бірі ретінде ақшалай өндіріс алудың енгізілуі құзырлы орган қызметін жолға қоюға ықпал етеді.

Жаңа кодекстегі ең тиімді өзгерістің бірі – мемлекеттік органдар дау кезінде тараптармен татуласуға мүмкіндік алды. Мұндай мүмкіндік осыған дейін мемлекеттік органдарда болған емес. Тіпті, бұрын мемлекеттік органмен келісімге келуге тікелей тыйым салынған болатын.

Ал, қазіргі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе осы олқылықтың орнын толтырып, тараптарды татуластыруды судьяның басты міндеті ретінде көрсетіп отыр. Сондай-ақ, аталған кодекстің 120-бабының 8-тармағында, сот тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, оларға дауды процестік бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі деп анық көрсетілген.

Жалпы, Президент Қ.Тоқаев өзінің әрбір жолдауында дауды өзара келісімге келе отыра шешу, дауәстікті азайту маңызды екенін айтып келеді. Жоғарыдағы баста да осы тапсырмаларды оңтайлы орындау үшін қолға алынған шараның бірі. Мемлекеттік органдардың қатысуымен медиациялық және басқа да татуласу келісімі жасалуы үшін ең алдымен әкімшілік қалау болуы керек.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 120-бабының 1-бөлігіне сай, тараптар өзара жол беру негізінде

әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Яғни, құжатқа сәйкес жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі.

Осыған орай, судьялар әкімшілік істерді қарау кезінде тараптарға дауды өзара келісімге келе отыра шешуге бағытталған барлық мүмкіндіктерді түсіндіріп, жәрдем көрсетеді. Бұл жерде татуласуға мемлекеттік органдар бірінші мүдделі болуға тиіс. Өйткені, құзырлы органдардың ашық диалогқа келіп, тараптардың пікірлерін санасуы, соттасудан бұрын, мүмкіндігінше татуласуға тырысуы мемлекеттік органға деген халық сенімін арттыра түсетінін ұмытпауымыз керек.

Өкінішке қарай, мемлекеттік органдар медиацияға көп көңіл бөле бермейді. Тіпті, кейбір құзырлы органдар іс-әрекетінің, шешімінің заңсыз екендігі 100 пайыз дәлелденсе де әрбір іс бойынша соттасуды, арыздануды әдетке айналдырған. Бұл қадамын олар құжат дайындаудағы қиындықтармен түсіндіреді. Шындығына келсек, жария-құқықтық дауларда медиацияға келудің тиімділігі өте көп. Себебі, татуласу келісімі сот әктісімен бекітіледі. Егер, келісім басқа тұлғалардың құқығына нұқсан келтіретін болса, заң талаптарына сай келмесе немесе әкімшілік қалау болмаса, онда ол келісім бекітілмейді, яғни, заңсыз келісім сотпен бекітілмейді. Медиациялық келісімдерді көбейту үшін біз осындай түйткілдерді шешуге басымдық беруге тиіспіз.

**Гүлім МҰҚАНОВА,**  
Алматы қаласы мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік сотының  
судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# СҰРАҒЫ КӨП СУБСИДИЯ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жиын белгілі деңгейде Мәжілістің жаңа құрамының кәсіби дайындығын, халықтың мүддесіне жанашырлық деңгейін көрсеткендей болды. Расын айтқанда, депутаттардың мәселені бүге-шігесіне дейін талдауы, өзекті тұстарын айқындауы, талап етудегі біліктілігі, батылдығы қуантты. Тек қазақшалары жетік бола тұра, кейбірінің көбіне орыс тіліне иек артқаны қынжылтқаны болмаса, тұтасымен алғанда жиында сұрағы көп субсидия мәселесінің былайғы жұртқа көріне бермейтін біраз сыры ашылды. Айтылған әңгімеден ұққанымыз, мәселе субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесінің жаңа платформаға ауысуына орай туындап отыр екен.

Жиында алдымен сөз алған палатадағы Республика фракциясының төрағасы Айдарбек Хожаназаровтың айтуынша, қазіргі таңда субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұр. Мұны оған апта сайын келетін жүздеген хат көрсетіп отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігі осы уақытқа дейін жүйе қалыпты жұмыс істеп тұр, барлық мәселе шешілген деп сендірген. Бірақ, нақты жағдай өте мүшкіл. Мәселен, ҚР қазіргі кезде субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы 6,1 млрд теңгеге 1,5 мың өтім мақұлданған. Бұл 2022 жылдағы көрсеткіштің небары он пайызын ғана қамтиды. Ол кезде 57,5 млрд теңге сомасына өтім мақұлданғанды. Ал, бүгінде фермерлердің 90 пайызы тиісті төлемдерді ала алмай, соның салдарынан ел экономикасы 51,4 млрд теңге қаржыдан қағылуы мүмкін. Бұл жылдың басындағы жағдай, егер жүйенің жұмысы осылай жалғаса беретін болса, онда 12 ай қорытындысы бойынша 287 млрд теңгенің (2022 жылғы көлем) небәрі 31 млрд теңгесін ғана төлейді. Бір қарағанда бұл жай ғана сандар болуы мүмкін. Алайда, бұл қаражат фермерлердің, бизнес ұйымдары мен жұмыс орындарының қалыпты өнімді жұмысының кепілдігі. Қайталап айтсақ, 40 мыңнан астам ауыл шаруашылығы өндіруші болжамды түрде 256 млрд теңге көлеміндегі тиісті төлемін ала алмай қалады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің жетілмеген жүйені іске қосу бойынша жауапсыз шешімі осыған жеткізеді.

Мұның сыртында министрлік ұсынған статистика бойынша жаңадан қосылған gosagro.kz жүйесі 60 млрд теңге сомасында 1,8 мың өтімді немесе қаржыландыру көлемінің 37 пайызын кері қайтарыпты. Қалыптасқан тәжірибеге сай мұндай өтімдер 1 пайыздан аспауы тиіс болса, бұл да жүйе жұмысының толыққанды жетілмегенін көрсетеді.

Бүгінде несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау ең өзекті мәселелердің бірі. Бұған қатысты министрлік өкілдері бұған дейін қолданыста болған Qoldau.kz платформасындағы деректерді осы жылдың наурызының соңына дейін ала алмағанын айтады. Соның салдарынан министрлік былтырғы өтімдерді төлей алмай жатыр-мыс. Ауыл шаруашылығы министрлігі қалай ақталса да, зардабын фермерлер көріп жатыр. Фермерлер шын мәнінде шығынға батуға мәжбүр. Олар мәселен, 45 млрд теңгені айналым қаражатынан алып, мемлекет жеңілдетуге міндеттелген несиелерді төлеуде. Жалпы, пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға арналған қаражат көлемі – жылына 90 млрд теңге. Тиісті төлемдер 4 ай бойы төленбей жатқандықтан, осы уақыт ішінде фермерлер несиелер бойынша толық мөлшерлемені – 20-25 пайыздан өтеп жатыр. Болжам бойынша бұл жағдай жарты жылға созылады, демек фермерлер несиелері бойынша ауыртпалықтың бәрін өз мойнына алады.

Бұл жағдайда өңірлердегі ауыл шаруашылығы басқармаларының қызметкерлері де бағдарсыз. Олар жаңа жүйе бойынша оқылдылар. Көптеген кемшілікке байланысты өтімдер ретсіз мөлшерде ауыл шаруашылығы басқармаларына түседі. Өтімдерді қайтарып алу мүмкіндігі қарастырылмаған. Нәтижесінде, басқарма мамандары мемлекеттік қызметтер туралы заңнаманы бұзуға барады. Сонда министрліктің жауапкершілігі қайда деген сұрақ туындайды.

Фермерлердің өтімдерін саралау барысында түйткілдер инвестициялық салымдар, тыңайтқыштар, тұқым бағасын субсидиялау бағыттарына өтім беру функциялары бойынша туындағанын көрсетіп отыр. Жер телімі қожалықтардың жеке салық нөміріне бекітілген шағын фермерлер үшін өтім беру мүмкіндігі мүлдем жоқ. Ал Түркістан, Алматы, Жамбыл облыстарында мұндай фермерлердің саны көп. Сондықтан жағдай тез арада реттелуі керек.

Одан соң сөз алған депутат Болатбек Әлиевтің айтуынша, бұл мәселе Мәжілістің бұған дейінгі шақырылымында да көтеріліпті. Жалпы, Qoldau.kz платформасын қолданғаны үшін жылына ірі бизнес нысандары 11 АЕК, шағын бизнес жылына 3 АЕК көлемінде ақы төлеп келген екен. Енді бұл қызмет арзан болуы керек деген ұранмен мемлекеттік қаржысы есебінен жүзеге асырылады. Яғни, бұрын ол үшін тек АӨК

нысандары төлесе, енді бүкіл ел төлеп жатыр. Жаңа платформа өткен жылдың сәуір айында қосылған болатын. Қызметтің жақсаратынынан үміт болған. Алайда, содан бері бір жыл өтсе де мемлекеттік платформа жұмысы мардымсыз. Шаруалар бұрынғымен жылап көрісетін күйде. Құзырлы орын барлық кемшіліктерді соған теліді. Ондағылардың айтуынша, ескі платформа тарихи мәліметтерді уақытында бермеді-мыс. Онымен бірге жұмыс істейміз деген де әңгіме айтылған. Алайда, бұл жөнінде қабылданған ресми шешім жоқ. Жаңа жүйе бұл салада монополия құрып отыр. Соның айғағы осы кезеңге дейін нақты мәліметтердің берілмеуі. Оларда қазіргі ауыл шаруашылығы көлемінің былтырғыдан 9,2 пайызға артқаны ескерілмеген. Qoldau.kz платформасында енгізілген өтім саны 300-ден 1000-ға дейін болса, жаңа жүйеде оның саны 30-дан аспай отыр. Бір га жерге берілетін субсидияның нормасы да тиісті деңгейге сай емес. Мысалы бір га 150 кг тыңайтқыш қажет болса, оның көлемі 80 кг деңгейінде белгіленген. Бұл ертеңгі күні шаруалардың қажетті тыңайтқышты алу үшін сандарды екі есеге көбейтіп жазуына алып келеді. Оларға жаңа платформаның қыр-сырын оқыту да назардан тыс қалып отыр. Бұл шара кейбір өңірлерде енді-енді басталып жатыр. Төктерін айтқанда, құзырлы орын ауыл шаруашылығын эксперимент алаңына айналдырып отыр. Мұның салдары 2023 жылдың соңында елде азық-түлік тапшылығының тууына алып келері сөзсіз.

Жиғули Дайрабаев министрлік мәселені қолдан күрделендіріп отырғанын айтты. Оның сөзіне сүйенсек, шын мәнінде субсидияға өтім беру кезінде негізгі егіс алқаптары бойынша деректерді «Қазақстанға ғарыш сапары» АҚ-да тіркеу қажет. Өкінішке орай бұл жұмыс өте баяу жүреді. Себебі, онда 4-5 адам ғана бар. Бір қызметкерге бірнеше облыс жүктелген. Әрбір облыстан мыңдаған деректерді келіп түсетінін ескерсек, жұмыстың ұзақ уақытқа созылатын түрі бар. Осыны айтқан Дайрабаев мырза жиынға қатысып отырған Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Бекбауовтан нәліктен осы уақытқа дейін «Қазақстан ғарыш сапары» АҚ мен бірге кадастрлық номерлер негізінде өткен жылдардағы егіс алқаптардың тарихы бойынша деректерді автоматты жүктеу мүмкіндігі пысықталмағанын сұрады. Бұл шара жүйенің барлық функционалдығын жеңілдетіп, адами факторлардан болатын келеңсіз жағдайлардың алдын алатын еді. Ақиқатында кезінде барлық жер телімдерінің мемлекеттік актісін жасауға 60-100 мың теңге аралығында ақша төленді. Енді оны қайта тіркеу үшін бір шаруадан кем дегенде 4-5 млн теңге ақша шығады. Қазір олар осыған ашынып жатыр. Мұның аяғы ереуілге ұласып кетуі мүмкін.

Дайрабаев мырза ортаға салған мына мәселе де ойландырып тастады. Оның сөзінен түйгеніміз бүгінде фермерлер картаны қолдан сызып, субсидия алды деген құзырлы орындар мәлімдемесі терең зерделеуді қажет етеді. Өйткені, бұл шын мәнінде ақылға сыймайтын әрекет. Егер осындай жағдай шынымен орын алса, айыпкерлердің аты аталып, түсі түстелуі керек. Құр өтірік карта негізінде субсидия алып жатыр деген айып ауыл шаруашылығындағы бар болғаны 280 мың тауар өндірушіні ыдыратуға алып келеді. Мал бағу, егін егу оңай шаруа емес. Осындай дәйексіз жаламен 280 мың тауар өндірушіден айырылатын болсақ, 20 млн халықты асырайтын адам қалмайды. Жағдайдың барысына шаруаның көзімен қарап, оларға жағдай жасау керек. Олар былтырғы шілде айынан бастап бәріне қарыз. Енді ереуілге шықпақ. Қоғамға тыныштық қажет. Негізінде барлық мәселе аталмыш мемлекеттік порталды жасаушылар мен бұрынғы портал иелерінің арасындағы келіспеушіліктен туындап отыр. Құзырлы орын шаруалардың қамын ойласа ортақ мәмілеге келіп, бұрынғы жүйеге енгізілген мәліметтерді алып, сол бойынша ауыл шаруашылығына қажет қаржының бөлінуін тездету керек.

Айдарбек Асанұлы осы ретте нақты ұсыныстарын түзіп алып келіпті. Ол министрлік 2023 жылғы 1 мамырға дейін барлық берешектерді төлеу үшін 2022 жылдан бастап ауыспалы өтімдерді жүйеге кіргізу, егістіктердің электрондық картасын енгізудің оңайлатылған тетігін қосып, фермерлердің мәселелерін жедел шешуді қамтамасыз ету. Сервиспен бірлесіп qoldau.kz порталында пайыздық мөлшерлемені арзандатуға субсидия алушылардың тарихын автоматты түрде жүктеуді талап етті. Сонымен қатар тауар өндірушілерді субсидиялармен уақытылы қамту үшін аталмыш жүйеге барлық қаржы институттарын, кредиттік серіктестіктерді, микроқаржы ұйымдарын қосуды, көрсетілген мерзімде жүйенің барлық техникалық қателерін түзетуді қамтамасыз ету, қағаз жеткізгіштерде өтімдер беру мүмкіндігі бөлігінде АӨК-де субсидиялау қағидаларын өзгерту бойынша жұмысты дереу бастау қажеттігін ескертті.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

ЖАҢА ЖОБА

Әділет пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері азаматтарға нотариаттық қызметтер алуды айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік беретін «Цифрлық нотариат» атты жаңа жобаны таныстырды. Енді сенімхаттарды электронды түрде рәсімдеуге болады. Соның нәтижесінде Қазақстан нотариаттық қызметтің осы түрін цифрлық форматқа ауыстырған әлемдегі үшінші мемлекет болды. Бүгінгі таңда нотариалды сенімхат онлайн режимде тек Франция мен Литвада ғана куәландырылады.



## «ЦИФРЛЫҚ НОТАРИАТ» СЕНІМХАТТАРДЫ ОНЛАЙН БЕРЕ БАСТАЙДЫ

Әділет министрі Азамат Есқараевтың айтуынша, бұрын сенімхатты рәсімдеу кезінде құжатқа қол қою және нотариустың куәландыруы үшін клиенттің келуі талап етілсе, енді нотариаттық сенімхат азаматтарға eGov Mobile арқылы қолжетімді болып отыр. Ал болашақта бұл қызмет бірқатар банк қосымшасында пайда болмақ. «Цифрлық сенімхат» онлайн режимде клиент пен нотариустың бейнебайланысы арқылы рәсімделеді.

Цифрлық сенімхатты алу үшін: eGov Mobile қосымшасына кіру; өтінішті толтырып, оған ЭЦҚ арқылы қол қою; мәліметтерді растау үшін қосымшадан нотариусқа бейнебайланысы арқылы қоңырау шалу; белгіленген тариф бойынша нотариус қызметін төлеу; «Цифрлық құжаттар» бөлімінде цифрлық сенімхатты алу керек.

Бұл қызметті өтініш берілген сәтте бос кез келген нотариус көрсете алады. Цифрлық сенімхатты барлық мемлекеттік органдар немесе талап етілген ұйымдарда қағаз құжат сияқты ұсынуға болады. Ал қауіпсіздікті қамтама-

сыз ету мақсатында eGov Mobile қосымшасына кіру кезінде де, өтінімге қол қою кезінде де пайдаланушының биометриялық деректерін қолдана отырып, ЭЦҚ пайдаланылады.

1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған Азаматтық кодекстің 167-бабы бойынша бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілдігі сенімхат деп танылады. Мүлікке билік жасауға және нотариаттың куәландыруын талап ететін мәмілелер жасауға берілетін сенімхатты, егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, нотариат куәландыруға тиіс. Нотариат куәландыруға госпитальдарда, санаторийлер мен басқа әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілердің және өзге де адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлер мен басқа әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландыруға сенімхаттар; мемлекеттік нотари-

алдық кеңселер мен басқа да нотариалдық әрекет жасайтын органдары жоқ әскери бөлімдер, құрамалар, мекемелер және әскери-оқу орындары орналасқан мекендердегі осы бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландыруға әскери қызметшілердің сенімхаттары, сондай-ақ, жұмысшылар мен қызметшілердің, олардың отбасы мүшелері мен әскери қызметшілер отбасы мүшелерінің сенімхаттары; бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландыруға сенімхаттары; халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріндегі кәметке толған әрекет қабілеттігі бар азаматтардың осы мекеменің немесе тиісті халықты әлеуметтік қорғау органдарының басшысы куәландыруға сенімхаттары; тергеу изоляторларында отырған адамдардың тергеу изоляторларының бастықтары куәландыруға сенімхаттары теңестіріледі.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

## ҚазҰУ түлектерімен мақтанады

Қазақстанда түрлі мамандық иелерін дайындайтын білім ошақтары баршылық. Солардың ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің шоқтығы биік. Іргетасы ертеде қаланған, білім беру стандартының барлық талаптары ескерілген бұл оқу орны басқа білім ошақтары үшін басты бағдар іспеттес.

Токсан жылға жуық тарихы бар жоғары оқу орны мықты білім базасымен, білікті профессор, оқытушылық құрамымен ғана мақтанып қоймайды. Қара шаңырақ студенттерге сапалы білім беруде, шәкірттердің жайлы да заманауи ғимаратта дәріс алып, кеңде жарық жатақханада алаңсыз тұруына толық жағдай жасауымен өзгелерге үлгі. ҚазҰУ-дың кітапханасы да қажетті ақпараттарға, маңызды материалдарға, ең көп кітапқа толы. Ең бастысы, бұл оқу орнын

бітіріп, диплом алған түлектердің жұмыссыз қалғаны жоқ. ҚазҰУ-дың түлектері араласпаған сала, біздің шәкірттеріміз бағындырмаған биік аз. Біз осындай білгір, көшбасшы түлектерді әрдайым мақтан тұтамыз. Әр жылдары университет бітіріп, әр салада еңбек етіп жүрген түлектер де ұстаздарын, өзі білім алған киелі мекенді ұмытқан емес. Оған жыл сайын өтетін Түлектер күнінде көзіміз жеткен.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығының президенті – заң ғылымдарының докторы, профессор Қайрат Мәми. Қайрат Әбдіразақұлы – заң факультетінің түлегі. Прокуратура, сот саласында ерен еңбек етіп, талай заңгердің тәлімгер ұстазы, жол көрсетер жанашыры болған Қайрат Мәмидің өмір жолы, қол жеткізген биіктері, жа-ең көп кітапқа толы. Ең бастысы, бұл оқу орнын

Бүгінгі күнге дейін Түлектер қауымдастығының бастамасымен қаншама игілікті шаралар қолға алынды. Соның нәтижесінде болашақ заңгерлердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына жол ашылды. Үздік оқитын балалардың еңбекке араласуына да Түлектер қауымдастығы оң ықпал етуде. Сонымен бірге, жақсы оқитын, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына да түлектер қамқор болып, шәкіртақы тағайындауға, оқу ақысын төлеуіне қол ұшын созып, игі істердің басы-қасында жүр. Біз білім ордасының жақсы атын шығарып, кейінгі буынға қолдау көрсетіп келе жатқан түлектермен мақтанамыз!

Арайлым ДЖАНҒАБУЛОВА,  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ, Кеден, қаржы  
және экологиялық  
құқық кафедрасының  
доценті

**ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оған ел мен елдің арасындағы сауда-саттықтан бөлек, білім-ғылым іздеп әлемді шарлайтын саяхатшылардың да қосқан үлесі мол болды.

Жалпы, қай дәуірде, қай елде болмасын жолаушыны жатын орын, ішер аспен қамтамасыз етіп, баратын жеріне жөн сілтеп, шығарып салу кез келген адам үшін бұлжымас қағида болған. Тіпті, жолаушыны қондырмай, дұрыстап күтіп алмаған жанның өзіне ғана емес оның бүкіл ауылына ат-шапан айып төлету дәстүрі біздің халқымызда ХХ ғасырға дейін сақталып келген. Қонақ күту әдебі бізде әлі жойылған жоқ. Ол бүгінде ұлттық мәдениеттің бір бөлшегі ретінде бағаланып жүр. Сондықтан құдайы қонақпын деп келген адамға, әсіресе, ауылдық жерде көрсетілетін құрмет пен қошемет әлі де өзгерген жоқ. Әлі күнге дейін бала-шағаның аузынан жырып, сойған малының кәделі жілігі мен дастарқанға салатын тәттісі мен дәмдісінің бір бөлігін бұл «құдайы қонақтың еншісі» деп сақтайтын ата-әжелеріміз аз емес. Өйткені, аз отырып, көп сынайтын мұндай қонақтар жүрген жерінде көрген жақсылығының есесін еселеп қайтарып, елдің және оның адамдарының даңқын алысқа таратады. Бұл игі дәстүрдің жалғасына туризм саласының қосып жатқан үлесі зор. Мәселен, қазір бүкіл әлемде экономиканың ең қарқынды дамып келе жатқан саласы осы туризм болып отыр. Ол дамыған елдерде жалпы ішкі өнімнің 10-40 пайызын қамтамасыз етеді. Сондықтан Қазақстан да 2025 жылға қарай оны кем дегенде 8 пайызға жеткізуді алдына мақсат етіп қойып, 2019–2025 жылдарға арналған арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдады.

**– Туристер өз саяхатын жоспарлау кезінде ең алдымен не нәрсеге мән беру керек?**

– Қазір интернеттің дамыған кезі. Егер шет елге барып демалғыңыз келсе алдымен баратын мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, саяси, құқықтық жағдайымен танысып алыңыз. Одан кейін таңдаған қала, аудан, облыстағы ахуалды біліңіз. Өйткені, қазір көптеген елдер бұл саладағы халықаралық және әлемдік қауымдастықтардан белгілі бір жерлерге туристер үшін қауіпсіз деген құқықтық мәртебе беретін белгі қоюға рұқсат алуға тырысады. Яғни, бұл жерде саяхатшылар үшін қауіпсіздік шаралары барынша сақталып, оған барлық жағдай жасалған. Былтыр, мәселен қазақстандықтар үшін ең танымал ел саналатын Түркияның өзінде арнайы белгі орнатылған мұндай жерлердің саны 20 шалты ғана болды. Өкінішке қарай, Қазақстанда әзірге ондай бірде-бір орын жоқ. Бұл мәселе тіпті құзырлы органдар тарапынан қарастырылмаған да.

Жалпы, саяхатты жоспарлау кезінде отандастарымызға қаржы үнемдеймін деп қауіпсіздікті естен шығарып алмауға кеңес берер едім. Сол себепті ең алдымен кәсіби мамандардан кеңес алуы қажет. Интернеттегі жарнамаға сеніп демалыс нысандары мен қонақ үйлерге алдын ала тапсырыс беріп, алаяқтарға алданып далада қалып қоятын жағдайлар аз емес. Турагенттерге сеніп, уәде еткен туры мен көрсеткен қызметіне көңілі толмағандар қалтасындағы қаржысынан ғана емес, кейде денсаулығынан да айырылып жатады. Мұндай қиын жағдайда қалмас үшін саяхатқа шығам деген жан барынша туристік қызметтің барлық түрлері бойынша лицензиясы бар

кәсіби компанияларға жүгінгені дұрыс болар еді.

**– Денсаулық демекші, сақтандыру сертификаты туралы да айта кетсеңіз?**

– Кәсіби қызмет көрсететін компаниялар арқылы саяхаттайтын туристердің бәрінде медициналық сақтандыру сертификаты болады. Олар өз сапары кезінде қандай да бір медициналық көмекті қажет еткен жағдайда оған тәуліктің кез келген уақытында барлық жерде тегін қолжеткізе алады. Сондай-ақ, алғашқы көмектен кейінгі өзге медициналық қызмет ақылы болған жағдайда оған жұмсаған қаржысын өз еліне барғанда сақтандыру компаниясы арқылы қайтарып алуына мүмкіндігі бар. Осы арада айта кететін бір жәйт, туристер тур арқылы келсе де, жеке өз бетімен келсе де қолында сертификаты болған жағдайда алғашқы көмекті тегін, ал өзге ақылы қызметке жұмсаған шығынды сақтандыру компаниясы арқылы қайтарып ала алады. Деген-

туристердің ақылы медициналық шығындарын жабуға бөлінген қаржының көлемі 10 мың АҚШ долларына дейін болса, еуро қолданылатын елдерде 30 мың еуродан жоғары. Яғни ақылы қызметке жұмсалған қаржы бұл мөлшерден асып кеткен жағдайда туристің қалған шығыны қайтарылмайды. Сондықтан сақтандыру сертификатының құны бір күнге доллар қолданатын елде 1-1,5 доллар, еуро қолданылатын елде 1-1,5 еуро.

Осы арада тағы бір нәрсе бар, айта кетейін. Егер шет елде сапарда жүрген адам қайтыс болса оның денесін туған жерге алып келу сақтандыру сертификаты арқылы тегін жүргізіледі. Сондықтан кейбір адамдардың шетелге саяхаттап кеткен туыс-туғандары қайтыс болған кезде сақтанды-



**Раушан ШӘМІЛ, ҚР Туризм индустриясы ұлттық қауымдастығының президенті:**

# «ЖАРНАМАҒА АЛДАНЫП ҚАЛАТЫҢ САЯХАТШЫЛАР АЗАЙМАЙ ТҰР»

*Бізге алғашқы медициналық көмек барлық жерде тегін. Мұндай жағдай бізден басқа ешбір шет елде жоқ. Медициналық қызметті алғашқы тек сақтандыру сертификатымен ғана тегін жасалады. Бізде оған Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан қомақты қаржы бөлінеді. Бұл мәселе мамандар мен оған мүдделі барлық құзырлы орган өкілдерінің қатысуымен талқыланып, белгілі бір шешім қабылданғанын өз басым қалаймын. Өйткені қорға шетелдіктерге медициналық қызмет көрсетуге бөлінген қаржының көлемі аз емес. Өзге жаппай алай оны неге өз азаматтарымыздың жағдайын жақсартуға жұмсамасқа.*

мен, ақылы қызметке жұмсалатын қаржының көлемі шектеулі. Оның көлемі әр елде әртүрлі. Шығын одан асып кеткен жағдайда мөлшерлемеден асқан қаржыны сақтандыру компаниясы туристке қайтаруға міндетті емес.

**– Шетелге шығуда сертификат алу барлық туристке міндетті ме?**

– Міндетті. Егер туристік компания арқылы барғанымен, сақтандыру сертификатын алғым келмейді десе оны ешкім мәжбүрлей алмайды. Яғни, сақтандырусыз шығатын болса өз бетімен барса да, арнайы қызмет көрсететін компаниялар арқылы барса да медициналық көмек қажет болған жағдайда бұл қызметтің бәрін тек ақылы түрде алады. Бізде осыған қатысты бір жағдай болды. Түркияға бір шараға баратын жігіттер «Тұмар-Транс» компаниясынан билет алды. Онда олардың біреуі баспалдақта тайып жығылып, амалсыз рентгенге түсуге мәжбүр болады. Оны жасаған мекеме сақтандырушы бар ма деп сұраған. Алайда, сертификатты жоқ болғандықтан отандасымыз өз қалтасынан 300 еуродай қаржы жұмсауға мәжбүр болады. Келген соң сіздер керек пе деп сұраған кезде бекер бас тартқан екенмін деп өз өкінішін айтты.

**– Сақтандыру сертификатының құны қанша? Ол қай елде қымбат, қай елде арзан?**

– Сертификат құны шартты түрде белгіленген. Доллар қолданылатын Тайланд, Индонезия сияқты елдерде

ру сертификаты болмағандықтан оны қайтаруға қаржысы жетпей халықтан, үкіметтен көмек сұрап жатады. Оны біреу түсінсе, біреу түсінбей айдалада қыдырып жүріп қайтыс болған адамға Сыртқы істер министрлігі не үшін бюджет қаржысын жұмсауы керек дейтін кездері сирек болса да кездесіп тұрады.

**– Қазақстанда шетелдіктерге сақтандыру сертификатының сөз-ақ алғашқы медициналық көмек тегін көрсетіліп жатады емес пе?**

– Оныңыз рас, бізде алғашқы медициналық көмек барлық жерде тегін. Мұндай жағдай бізден басқа ешбір шет елде жоқ. Медициналық қызмет оларда тек сақтандыру сертификатымен ғана тегін жасалады. Бізде оған Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан қомақты қаржы бөлінеді. Бұл мәселе мамандар мен оған мүдделі барлық құзырлы орган өкілдерінің қатысуымен талқыланып, белгілі бір шешім қабылданғанын өз басым қалаймын. Өйткені қорға шетелдіктерге медициналық қызмет көрсетуге бөлінген қаржының көлемі аз емес. Өзгеге жалпақтамай оны неге өз азаматтарымыздың жағдайын жақсартуға жұмсамасқа. Бізде медициналық қызмет көрсететін мекеме де, маман да көп жерде әлі күнге дейін тапшы. Халықтың әсіресе, елді мекендерде дәрігерлік амбулаторияның өзіне қолы жетпей, бір ауылдан бір ауылға қаттынауы ХХІ ғасырда ұят нәрсе.

Айтпақшы, алғашқы медициналық

көмек «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісімді және Медициналық қызметтер ұсынудың тәртібі бөлігінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісімді іске асырудың тетігі жөніндегі хаттаманы бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2000 жылғы қаулысына сәйкес бәрінде емес, тек бірқатар ТМД елдерінде ғана тегін.

**– «Туристік қамқор» деген де бар ғой?**

– Бұл қордың басты мақсаты – туроператордың, туроператор-әуе кемесімен жалданушының міндеттемелерді орындау мүмкіндігі болмаған кезде Қазақстан аумағынан уақытша келген азаматтарды жедел елге қайтаруға негізделген. Турды рәсімдеп құжаттаманы алған кезде сапардың әрбір қатысушысына түркілік беріледі. Тізілімге түркілік енгізілуі туроператорда қиындықтар туындаған кезде бұл адамның Қазақстанға қайтып оралуына кепілдік берілгенін білдіреді.

**– Кейбір адамдардың туроператор мен турагенттің айырмасын білмей шатастып жататын кездері аз емес?**

– Рас айтасыз. Бұл үшін алдымен «ҚР туристік қызмет туралы» заңдағы осы ұғымдарға берілген анықтамаға жүгінген жөн шығар. Онда туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар ретінде – турагенттер, туроператорлар, туризм нұсқаушылары, сондай-ақ, өз бетінше туристік қызмет көрсететін гидтер, экскурсоводтар көрсетілген. Ал туристік операторға (туроператор) – туристік операторлық қызметті, ішкі туризм, келу немесе шығу туризмі саласындағы туристік операторлық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға деп түсінік берілген.

Айтпақшы туроператордан бөлек фрахтователь-туроператор деген бар. Фрахтователь – өз турымен бірге ұшаққа орын алатындар. Туристер көбіне олардан алуға тырысады. Олардың ұшаққа билет алатын бағасы тұрақты, белгілі бір бағамен

қатаң шектеледі. Ол не өспейді, не түспейді. Ал ұшаққа билетті әуекомпанияның өзінен алса ол бүгін 100 мың теңге болса, ерсең 120 мың теңге боп кетуі мүмкін. Онда тарифтік жүйе өсіп отырады. Фрахтователь болса бұл орынды келіскен бағамен ғана алады. Бірақ ол төуекелді. Егер ол ұшаққа күнде 10 орын алатын болса әрдайым оны толтырып отыруы керек. Толмаса да оған өзі ақша төлейді. Мұндай фрахтовательдер бізде көп емес. Мұндай үлкен компаниялар ары кетсе оншақты ғана деп ойлаймын. Олардың өзі осы жерден өз филиалын ашып алған шетелдік ірі компаниялар.

**– Қазақстанға қазір қанша елден туристер келеді?**

– Қазіргі уақытта ТМД елдерін қосқанда 77 мемлекеттің туристері бізге визасыз кіре алады. Әйтсе де кейбір елдерде әлі де біз туралы ұнамды мағлұмат жоқ. Оған Канаданы мысалға келтіруге болады. Олардың туристерге арналған сайтында Қазақстанға барғанда абай болыңдар, заттарыңызды ұрлауы, әуежайда таксистері өте қымбат ақы сұрауы мүмкін деген сияқты ескертулер бар. Бұл туралы Канададағы Қазақстан Елшілігіне хабарлассақ, канадалықтар Германияны да, Түркияны да қиын ел дейтінін айтты. Бұл жағдайды түзету үшін Канададағы әріптестерімізбен сөйлесіп, олар бізді өз көрмелеріне шақырып жатыр. Болашақта олардың Қазақстанға қатысты көзқарасы өзгертін шығар деп ойлаймын.

**– Туристер азаматтарының қауіпсіздігіне кепілдік бере ала ма?**

– Бәрі емес. Сапа белгісіне ие болғандар ғана кепілдік бере алады. Ал олардың саны бізде өте аз. Мен жетекшілік жасайтын «Тұмар-Транс» компаниясы былтыр сол мәртебеге ие болды. Мәселен, еліміздегі туризм саласындағы компаниялардың басым бөлігі шоғырланған Алматының өзінде оның саны 20-ға да жетпейді екен. Сапалы қызмет көрсетеді деген құжатты біз «Қазақтуризмнен» алдық. Біздің өтінішімізге сәйкес олар туристік қызметке қатысты барлық құжаттарымыздың дұрыстығын, атап айтқанда саяхатшыларды күтіп алудан бастап, оларға көрсететін өзге де қызметтерімізді, сақтандыру компаниясы және өзге де серіктестермен арадағы ынтымақтастық туралы келісімдерімізді тексеріп, мақұлдады. Сондықтан қызметті толық қанағаттандырылмағандықтан өзіміздің ғана емес шетелдік туристердің де саяхаттан ренжіп қайтатын жағдайлары кездесіп тұрады. Мәселен, Польшадан келген туристер интернеттен біздің қаладағы бір компанияны таңдап алған екен. Олар сайтында өздері туралы керемет қып жазып, Шарын қаныонына, Көлсайға апарамыз деген. Сеніп келген туристер тамақтан ұланып қалады. Оларға қызмет көрсеткен компания тамақты өздерімен бірге алып шыққан екен. Сосын бұл туристер интернеттен тауып алып, бізге хабарласты. Оларға саяхатының қалған уақытына Қазақстанмен бірге Өзбекстанға да сапар жасап қайтуына жағдай жасадық. Кейін олар «бұл жақсы тур болды» деп бізге өз алғыстарын айтты. Яғни, бұл саладағы компаниялар өзінің сапалы қызмет көрсететінін барлық жағынан көрсету керек. Бізде қазір турагенттер қызметі лицензияланбайды, тек туроператорлар қызметі ғана міндетті түрде лицензияланады.

**– Мазмұнды сұхбатыңызға рақмет. Еңбектеріңіз жемісті болсын.**

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

**БІЛІМ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – қазақ білімінің қара шаңырағы. Білім ордасының тарихы 1934 жылдан басталып, кәсіптік білім берудің негізгі көзі болды.**

КСРО кезінде университет С.М.Кировтың есімімен аталды. Бертін келе тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктерінің өзі ауыз толтырып айтарлықтай. Әлемдік статистикалардағы орны уақыт өткен сайын жоғары көтерілуде. Білім нәрімен сусындап жатқан студенттер саны 20 мыңнан асып жығылады. Өзіндік қалашығы бар, аумағы 90 мың шаршы шақырымнан асатын заманауи үрдістегі кішігірім полис деуге толық негіз бар. Орталық

Азиядағы теңдессіз университет. Бұл сөзімізге ҚазҰУ-дың – «Бес жұлдыз» марапатына ие болуы дәлел. Жақында ғана әлемдік рейтингте Орталық Азиядағы ең үздік университет атағын алуы университетіміздің мәртебесін одан әрі асқақтатта түскендей.

ҚазҰУ өз студенттеріне кез келген мүмкіндікті беруімен де алғашқылардың бірі болып есептеледі. Студенттерін шетелдік университеттерге жіберіп, шетелдік білім ордаларынан тәжірибе алмасып, оны өзгелермен бөлісуін тікелей қадағалайды. ҚазҰУ-де инфрақұрылым да жақсы дамыған. Ол заманауи деңгейдегі құрылғылармен көркемделген бірден-бір университет. Оның жарқын мысалы әл-Фараби атындағы кітапхана бола алады. Ол ТМД және

Орталық Азиядағы ең үлкен студенттік кітапхана ретінде белгілі. ҚазҰУ кадрлық мәселені шешуде де басқалармен салыстырғанда алдыңғы қатарда. 37 мамандық бойынша кадр дайындайтын және олардың сапалылығымен ерекшеленетін білім ордасы. Қай саладағы салыстыру деңгейінде болсын, Орта Азиядағы және Азиядағы осы жетістікке жеткен алғашқы университет. Тұңғыш Президенттің білім саласы бойынша тапсырмасын да бірінші болып орындаған осы Қазақ Ұлттық университеті болатын. Ол тапсырмадағы негізгі міндет – дамыған озық үлгідегі 200 университет ішіне кіру еді. Дәлірек айтқанда әлемдік рейтингте 165 орынға ілгерілеп феноменалды ілгерілеу сатысынан өткен еді. Тіпті, экологиялық рейтингтің

өзінде ҚазҰУ ТМД мемлекеттерінің университеттері жете алмаған жетістіктерге жеткені көз қуантады. Айтса адам сенгісіз жетістіктерінің бұл тек бір бөлшегі ғана. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің 2020 жылдары БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі ғаламдық хабын жүргізу құқығын иеленгенін біреу білсе, біреу білмес. ҚазҰУ әлемдік даму көрсеткіштерінде ойып тұрып орын алған, мүмкіндіктер мекені.

**Б. КОЖАХМЕТОВ,**  
**География және табиғатты пайдалану факультеті, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушысы**

МИНБЕР

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ЗАҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Қазіргі уақытта заң ғылымы саласында да, заңнамаларды қолдану тәжірибелерінде де заң терминдерін реттеу және белгілі бір жүйеге келтіру мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Әсіресе, мемлекеттік тілді қолдану аясында заң терминдерін пайдалану тәжірибесі ешқандай сын көтермейді. Басты себеп, заң терминологиясы заң ғылымының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылмай көлеңкеде қалып отыр.

Қоғамдық өмірде нарықтық қатынастардың тереңдеп дамуы, шетел инвесторларының еліміздің экономикасына қызығушылық танытуының нәтижесінде құқықтық айналымдарға көптеген жаңа терминдер еніп жатыр. Ал, нақты заң ғылымы мен практикасы саласына келетін болсақ, заң терминдерінің дұрыс анықталмауы құқық қолдану тәжірибесінде қателіктерге жол бастауы мүмкін.

Құқық нормасы – нақты, белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейтін қағида. Жалпы, құқықтық нормалардың мазмұны мен мағынасы, құқықтық табиғаты халыққа түсінікті және орнымен қолданылады. Ал, заң терминдерін қолдану тәжірибесінде мұндай бірізділік, тұрақтылық сақталмайды.

Қазіргі уақытта отандық заң ғылымының алдында заң терминологиясының құрылымы мен құрамын зерделеу, заң терминологиясының дереккөздерін анықтау, оларды белгілі бір жүйеге келтіру міндеті тұр. Аталған мәселе тек заң терминологиясын заң ғылымының ажырамас, құрамдас бөлігі ретінде қарастырағанда ғана оң шешімін табатынына сенімдіміз. Заң терминдері белгілі бір жүйеге келтірілген жағдайда ғана құқықтық нормалар өз мәнімен, әртүрлі талдауларға ұшырамай, өз мағынасында қолданылатын болады.

Біздің зайырлы, құқықтық мемлекетте өмір сүріп отырғанымызға қарамастан әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар мен заң қызметкерлері заң терминдерінің орнымен қолданылуына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмейді. Нәтижесінде «алақұла» заңнама қолдану практикасы қалыптасып, әсіресе, мемлекеттік тілдің қадір-қасиетіне нұқсан келіп отыр. Енді талдап отырған мәселенің объективті және субъективті алғышарттары туралы жеке пікірлерімізді білдірсек.

Елімізде заң шығарушы орган – Парламент екені белгілі. Жыл сайын қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыратын әртүрлі мазмұндағы ондаған заң қабылданып жатады. Аталған заңдар мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Басты кемшілік – осы екі тілде қабылданған заңдар мәтіндерінің сәйкестігіне, мазмұны мен мағынасының дәлме-дәл келуіне жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Екінші мәселе – заң жобалары негізінен орыс тілінде даярланып, талқылаудың барлық сатыларынан өтіп, сонан кейін ғана мемлекеттік тілге аударылады. Заңнама мәтіндерін аудару мәселесімен негізінен тіл мамандары айналысатыны тағы да белгілі жағдай. Осы ретте заң нормалары мен заң терминдерінің құқықтық мазмұны мен табиғатына

тиісті көңіл бөлінбей, еркін шығармашылық әрекеттеріне жол беріліп, екі тілде қабылданған мәтіндердің мазмұны мен мағынасы арасында қарама-қайшы түсініктер қалыптасады.

Сөзіміз дәйекті болу үшін мысал ретінде, 2016 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енген Азаматтық процестік кодексті алайық. Елімізде жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық реформаларды табысты жүзеге асыруда, азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету жолында аталған кодекстің рөлі өте зор екені белгілі.

Дегенмен, осы кодификацияланған нормалар жинағын қолдануда көптеген кедергілер кездесетінін жасырып қалу мүмкін емес. Басты кедергі, бірінші кезекте мемлекеттік және орыс тіліндегі заң терминдерінің мазмұны мен мәнінің сәйкес келмеуінде болып отыр. Яғни, екі тілде қолданылған бір заң термині бір ғана құқықтық норманы емес, мазмұны мен мәні жағынан екі түрлі

барлық құқықтық сатыларын толық қамтитын қағидалар жинағы еді. Ал, қолданыстағы кодекс қабылданған кезде заң шығарушы орган неліктен кодекстің «процестік» кодекс деп аталғанына ғылыми түсініктеме бермеді.

Аталған кодексте құқықтық терминдердің дұрыс аударылмауы оны тәжірибе жүзінде қолдануда үлкен қиындықтар тудырып отыр. Мысалы: «приостановление» және «прекращение» деген заң терминдері «тоқтату» деп аударылған. Бұл терминдердің құқықтық табиғаты мен құқықтық салдарлары әртүрлі екені ескерілмеген. Мұндай жағдай заңнама мәтіндерін, заң терминдерін аудару жұмысына тәжірибелі, білікті заңгер мамандардың қатыстырылмауынан туындап отыр. Тізіп жаза берсек, осы бір ғана заң актісінде жіберілген кемшіліктер үлкен ойға, толғанысқа жетелейді. Осыдан кейін заңдарды жоспарлау, дайындау, қабылдау процесінің болашағы қандай болады деген тығырыққа тірелесін.

Мемлекеттік тіл болсын, басқа да тілдер болсын, тілдің құндылығы қолданылатын терминдердің, сөз тіркестерінің нақтылығында, тазалығында, дәлме-дәл сәйкестігіне тікелей байланысты екенін естен шығармау қажет. Заң қолданушылар қабылданған заңдарды өз дәрежесінде пайдалануға мәжбүр екені де ақиқат. Тек бір терминологиялық

**Елімізде мемлекеттік тілдегі заң терминдері белгілі бір жүйеге бойынша сараланбаған. Сондықтан кейбір терминдер екі түрлі мағынада қолданылады. Бұл жағдай ресми процестік құжаттарды дайындағанда үлкен қиындықтарға жол ашады. Құжаттардың мағынасы мен мазмұнына нұқсан келеді.**

құқықтық салдарларды айқындайды.

Біздің пікірімізше, кодекстің атауы орыс тілінен мемлекеттік тілге дұрыс аударылмаған. Заңгерлер қауымына түсінікті бір мәселе – «процесс» деген құқықтық ұғым сот отырысында азаматтық дауларды зерделеу, талдау нәтижесінде шешім қабылдау дегенді білдіреді. Ал, азаматтық процестік заңнамада сот залынан, процестен тыс жағдайларда жүзеге асырылатын әрекеттер жиынтығы бар емес пе, мысалы: жылжымайтын мүлікті қарау, жер телімдерін өлшеу, сот тапсырмаларын орындау, т. с. с. Аталған әрекеттердің орындалуы іс бойынша заңды әрі негізді шешім қабылдауға тікелей әсер ететінін ескерсек, кодекстің мемлекеттік тілде «Азаматтық процестік кодекс» деп аталуы оның құқықтық мазмұнына сай келмейді деп есептейміз. Бұрын қолданыста болған, 1999 жылы қабылданған кодекс мемлекеттік тілде «Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі» деп аталған еді. Міне, осы атау (термин) өте сәтті қолданылған және азаматтық дауды реттеудің

олқылықтары үшін заңның қайта қаралуы мүмкін емес қой.

Филология ғылымында «варваризм», яғни, тілдің «шұбарлануы» деген ұғым бар екен. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілде қабылданған заң актілерінің мәтіндерінде басқа тілдерден алынған терминдердің қолданылуы жиі үрдіс алып бара жатыр. Егер бұл практика жалғаса берсе баға жетпес құндылығы бар, тазалығы бұлақ суындай тұнық, өзіне ғана тән қадір-қасиеті бар, мәні мен мазмұны мұхиттан да терең ана тіліміздің болашағы не болмақ. Жауқазындай жайнап өсіп келе жатқан жас ұрпаққа қандай мұра қалдырамыз.

Заң ғылымы мен практикасында заң терминдерін мемлекеттік тілде қолдануда біраз объективті кедергілердің де бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Заң терминдерінің қазақ тіліндегі сөздіктері жоқтың қасы. Бұрнағы жылдары бірнеше сөздік жарық көрген еді. Бірақ осы «еңбектердің» ғылыми және практикалық құндылықтары өте төмен болғандықтан ешқандай қоғамдық сұраныстарға ие бола алмады, тіпті, ұмытылып кетті. Жоғарыда айтылғандай, аталған сөздіктер әр

Бағлан МАҚҰЛБЕКОВ,  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының доғарыстағы судьясы



автордың қалауы бойынша дайындалып, бірізділік, жоспарлау сияқты талаптарға сай келмегендіктен, пайдалануға жарамсыз болып қалды.

Біздің пікірімізше, осы мақаланы жазуға себеп болып отырған мәселелерді шешудің басты жолы – ол заң жобаларын мемлекеттік тілде дайындау және қабылдау болып табылады. Бұл ұсынысымыз Ата Заңымыздың принциптерімен толық үндеседі және солай болуы тиіс деген сенімдемеміз.

Заң жобаларын Парламентке ұсынатын субъектілердің қатарына Үкімет пен Парламент депутаттары жататыны белгілі. Осы ретте жаңадан сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының жұмысына үлкен үміт артамыз. Сонымен қатар, қызметтік өкілеттіктеріне байланысты аталған мәселемен еліміздің Әділет министрлігі де айналысады. Сонда қалай, аталған органдарда мемлекеттік заң жобаларын дайындайтын мамандар жетіспей ме немесе олардың алдына тиісті талаптар қойылмай ма, олардың жауапкершіліктері туралы ескерілмей ме?

«Ана тілімізді ардақтайық» – деп ұран салатын басшылар да, депутаттар да елімізде жеткілікті. Біз мемлекеттік тілден басқа тілдер қолданылмасын деген ойдан мүлдем аулақпыз. Мәселе, тілдерді, терминдерді қолданудағы жіберілген қателіктер төңірегінде болып отыр. Аталған кемшіліктер қабылданған заңдардың мәртебесін көтеруге, беделін түсіруге қызмет етсе деген толғаныста.

Парламент Мәжілісі аппаратының қызметкері Д.Омашұлы «Заң қай тілде жасалып жатыр?» – деген зерттеу мақаласында академик Ә.Қайдаровтың сонау 90-шы жылдардың басында айтқан: «Қазақ тілі терминологиясы әртүрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып бара жатыр» – деген пікіріне сілтеме жасаған екен. Осы пікірдің айтылғанына 30 жылдан астам уақыт өтсе де, әлі де өзінің құндылығын жоғалтпағанын бағалау қажет.

Терминология ғылымы тұралап тұр. Айтылған проблеманы мойындай отырып, оны шешудің жолын қарастырып жатқан мекеменің де, жа-

уапты мамандардың да дауыстары естілмейді. Біз мемлекеттік терминология комитетінің қызметіне баға беруге әрекеттеніп отырған жоқпыз. Дегенмен, қоғам мүшесі, заңгер-маман, ынталы азамат ретінде осы мәселе турасында алаңдаушылық білдіретінімізді жасыра алмаймыз.

Келесі мәселе, елімізде мемлекеттік тілдегі заң терминдері белгілі бір жүйеге бойынша сараланбаған. Сондықтан кейбір терминдер екі түрлі мағынада қолданылады. Бұл жағдай ресми процестік құжаттарды дайындағанда үлкен қиындықтарға жол ашады. Құжаттардың мағынасы мен мазмұнына нұқсан келеді.

Жалпы, «термин» деген сөз латын тілінде «шекаралық» деген мағынаны білдіреді. Сонда қолданылған әрбір термин айтылатын ойдың, тұжырымның, пікірдің «шекарасын» нақты ажыратуға қызмет етуге тиіс. Ал, біздің заң терминдерін қолдану тәжірибеміз осы талаптарға сай келе ме? Ойланып көрейікіші.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болашақ заңгерлерді даярлау барысында мемлекеттік тілдегі әрбір заң терминдерінің мағынасын, мәнін ашуда кездесетін қиындықтар өз алдына көбе. Студенттер екі тілдегі заңнама мәтіндерін салыстыра отырып, өздерінің орындары пікірлерін баяндап жатады.

Заң терминдерінің айтылуы мен аудармасының арасында белгілі бір заңдылықтар бар екені белгілі. Аударма процесінің күрделі ғылым екені, бірізділікті, табандылықты қажет ететіні түсінікті. Дегенмен, қоғамда болып жатқан қатынастарды реттеуде, даулар мен шиеленістерді шешу барысында қолданылатын заң нормаларының құндылығы терминология ғылымының даму барысына тікелей байланысты екенін түсіну қажет. Терминология ғылымының болашағына, оның ішінде заң терминдерін қолдану тәжірибесіне жауапты мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметі қоғам назарында болуы тиіс.

Мемлекеттік тіл – бірінші кезекте еліміздегі қызметтік тіл. Заңды дұрыс қолдану мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық өміріндегі жауапты мәселелерді тиімді жолмен шешудің бірден-бір жолы. Мемлекеттік тілімізді қадірлей, қастерлей отырып, заң терминологиясының дамуына, болашағына сара жол саламыз деген сенімдемеміз.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК - ҚҰНДЫ РЕСУРСТЫҢ БІРІ

Әлемнің көшбасшы елдері күн санап қарыштап даму үстінде. Осы ретте, Қазақстан да дамудың жаңа сатысына өтіп, алдыңғы қатарлы ел болу үшін өз білімі мен ғылымын дамытып отыруы қажет.

Ғылымның алдыға басуы – жаңалықтардың ашылуынан, өндірісте, өнерде, әртүрлі салаларда өнертабыстардың пайда болуынан көрінеді. Ал өнертабыстардың пайда болуына

байланысты ашылған жаңалықтарға меншік құқығының туындайтыны сөзсіз. Осы тұрғыдан қарағанда интеллектуалдық (зияткерлік) меншік құқығын қорғау өзекті.

Зияткерлік меншік – зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесі және оған теңестірілген заңды тұлғаларды жеке және заңды тұлғалардың өнімдерін олармен орындалатын жұмыстар мен қызметтерді (фирмалық атаулар, тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) дараландыру құралдары. Зи-

яткерлік меншіктің объектісі авторлық құқық пен өнеркәсіптік меншік болып табылады.

Әдебиет, өнер туындылары мен ғылыми еңбектер, фонограммалар жасау, орындаушылық және радиобағдарламасын жүргізу, адам іс-әрекетінің барлық салалары бойынша өнертабыстар, ғылыми жаңалықтар, өнеркәсіп үлгілері, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және коммерциялық атаулар мен белгілеулер зияткерлік меншік нысандары болып табылады.

Мемлекет тарапынан да зияткерлік меншік құқығы саласын дамытуға жоғары деңгейде көңіл бөлінуде. Соның бір айғағы еліміздің дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі және дүниежүзілік қауымдастықтың талаптарына жауап беруі секілді маңызды мемлекеттік мақсаттарды жүзеге асыруда.

Интеллектуалдық меншік болашақта мемлекет азаматтарының әл-ауқаттылығы деңгейін белгілейтін, құнды ресурстардың бірі болып қала бермек. Осыған орай, Алматы облысы Әділет департаменті зияткерлік меншік құқығы бөлімі Іле ауданы Өтеген батыр кентіне барып тауар белгілері бойынша коммерциялық дүкендерінде контрафактілік өнімдерді болдырмау мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

**М.КАЙМУЛЬДИН,**  
Алматы облысы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы



# «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» - ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА БАҒЫТ БЕРЕДІ

Студенттер мен жас ғалымдарға бағыт беретін, қабілет-қарымын көрсетуге мүмкіндік ұсынатын, өзара әріптестік байланысты орнатуға жол ашатын шаралардың маңызы орасан.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қабірғасында мұндай шаралар дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Соның ішінде «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференцияның шәкірттердің білімін ұштап, біліктілігін жетілдірудегі ықпалы зор.

Заң факультетінің Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы да бұл конференцияға белсенді атсалысты. Ғылыми конференцияның профессор Гүлдана Қуналиева тарағалық еткен «Қаржылық құқық пәндері» секциясына 36 студент қатысты. Студенттер жұмысына доцент Г.Калиева, аға оқытушы

А.Рахметолда мен аға оқытушысы С.Адилгазза баға берді.

Мазмұнды өткен шараға әсіресе, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінен, Нархоз университетінен, Торайғыров атындағы университеттен келген студенттер белсенді атсалысты. Студенттер өздері алған тақырыпты терең зерттеген, теорияны тәжірибемен байланыстыруға көңіл бөлген. Конференцияға қатысқан әр студенттен ғылымға деген қызығушылықты аңғармау мүмкін емес. Осындай ынтасы жоғары, еңбекқор, ізденгіш жастар көпшілікке үлгі.

«Қаржылық құқық пәндері» секциясы бойынша жүлделі болған студенттер шоғырын Гюзьялнур Марсова, Меруерт Абишева, Саян Оңғаровтар бастады. Еңбектері ерекше бағаланып, екінші орын алғандар сапында Аблешина Аружан, Абдықархар Бибіерке, Темірбекова Нәби, Бақдаулет Рахмет, Кенжетәева Аралым секілді магистранттар мен студенттер бар. Конференцияда белсенділік көрсетіп, еңбегі ерекше деп бағаланған қатысушылардың барлығына арнайы сертификаттар тапсырылды. Бұл шара жас ғалымдардың алдағы ізденісіне жарқын жол ашарына сенімдіміз.

**Гүлмира КАЛИЕВА,**  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың доценті

## КОНФЕРЕНЦИЯ



## ТАРАТУ

7. «Арыстанбаб Жоғары колледжі «ЖШС Жамбыл облыстық филиалы» ұйымы (БСН 220141020434) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Тонқуруш көшесі, 2/48. Телефон: + 77021235524.

8. «Mobistor» ЖШС, БСН 151040004430, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жибек Жолы көшесі, 160 үй, 9 пәтер, тел.: +77086520560.

9. «ТАЛШИК-АСТЫК-ТРЕЙД» ЖШС, БСН 120840010931, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, 5, НП 5А, тел.: 77782565629.

10. «APPLE GARDEN YARD» тұрғын үй-құрылыс кооперативі, БСН 211040026009, өзінің ерікті түрде таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, «Нұрлы тау» шағынауданы, 1601/5 үй. Байланысу тұлғасы: Басшигарина Гүлнар, тел: +77011111614.

13. «Щеб-Строй» ЖШС, БСН 130840005075, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Дулатов көшесі, 62.

15. «Майсити» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымы, БСН 180340021464 (Шымкент қаласы, 8 шағынаудан, 62 үй, пәтер (офис) 45), өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Жантурин көшесі, 12 үй. Тел.: 87026806922.

16. «Grand Resource» ЖШС, БСН 211140035468, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ермек Серкебаев көшесі, 25 үй, пәтер 43. Тел. 87777774466.

17. «DarusCleaning (Дарус Клининг)» ЖШС, БСН 150840005801 (Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 21 үй, блок 2, пәтер 7, индекс 060000) таратылғанын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап көрсетілген мекенжай бойынша екі ай ішінде қабылданады: Атырау қаласы, «Орталық» шағынауданы, 8 үй, 14 пәтер. Телефон: +77760698846.

23. «NIMEX Logistics» ЖШС, БСН 170440034537, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, «Сәуле» шағынауданы, Зерде көшесі, 45.

24. «Айбек-төрт түлік» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 190540010993) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Абай ауданы, «Самал-3» шағынауданы, Б. Дауылбаев көшесі, 40- құрылыс.

## ӘРТҮРЛІ

5. «Ақдым-1» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік), БСН 990440004526, өз қатысушыларына мажоритарлық қатысушы Серіктестіктің жарғылық капиталында өзіне тиесілі үлесін іске асырғандығы туралы хабарлайды. Серіктестіктің қатысушылары үлес бөліктерін сатып алу туралы барлық сұрақтар бойынша Серіктестіктің мына мекенжайдағы атқарушы органына жүгіне алады: Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Күншалған ауылы. Тел.: 87057819453.

6. Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 44-бабына сәйкес, «Мунай инвестмент групп» ЖШС Басқармасы 2023 жылғы 19 мамырда 11 сағат 00 минутта Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 49, мекенжайында қатысушылардың кезекті жалпы жиналысын өткізеді.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің 2022 жылғы қызметінің қорытындысы мен жылдық қаржылық есебін бекіту  
2. Серіктестіктің таза табысын бөлу.  
Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды жоғарыда көрсетілген мекенжайдан алуға болады.  
Жиналыс ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47-ші бабымен бекітілген тәртіппен өткізіледі.

11. «АГРИНАС» МҚҰ» ЖШС, БСН 061040002198, микроқаржы қызметінің тоқтатылуына байланысты өзінің қайта тіркелгені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, 25, п.81.

12. «Востокцветмет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабарлама  
«Востокцветмет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121) өз қатысушыларын Серіктестік Басқармасы шешімінің негізінде және Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 44-бабына сәйкес, 2023 жылғы 19 мамырда 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайында «Востокцветмет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабарлады.  
Қатысушыларды тіркеу 2023 жылғы 19 мамырда көрсетілген мекенжайда 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүргізіледі.  
Жиналыста қатысу құқығы бар қатысушылардың тізімі 2023 жылғы 18 мамырдың 00 сағат 00 минуттағы жағдайы бойынша жасалады.  
Жиналысты өткізу, сырттай дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47, 48-ші баптарымен реттеледі.  
Күн тәртібіндегі мәселелер:  
«Востокцветмет» ЖШС-нің жаңа редакциядағы Жарғысын бекіту.  
Бірінші жиналыста қворум жиналмаған жағдайда, жиналысты қайта өткізу күні – 2023 жылдың 3 шілдесі, 11 сағат 00 минут.  
Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Востокцветмет» ЖШС-нің Атқарушы органы орналасқан мекенжайда танысуға болады.

20. «LD Property» ЖШС (БСН 150940013698) өзіне «LD Invest» ЖШС-н (БИН 150140014726) және «Rainbow investments (Реинбоу инвестментс)» ЖШС-н (БИН 201140035961) қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 41/1 ғимарат.

21. «LD Invest» ЖШС (БСН 150140014726) өзінің «LD Property» ЖШС-не (БСН 150940013698) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 41/1 ғимарат.

22. «Rainbow investments (Реинбоу инвестментс)» ЖШС (БСН 201140035961) өзінің «LD Property» ЖШС-не (БСН 150940013698) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 41/1 ғимарат.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KAZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-az@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

## Баспасөз – 2023

### Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

### Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

### ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢҒЕ

### ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

### ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢҒЕ

### ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢҒЕ

✉ zanreklama@mail.ru

## МҰРАҒЕРЛІК

18. 20.02.2023 ж. қайтыс болған Алмасова Шынар Жақсылықовна-ның атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус С.И. Байғазыновқа хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» шағынауданы, 26/2 үй. Тел.: 87084408317.

19. 21.12.2022 ж. қайтыс болған Ажимова Жумагүлдің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус С.И. Байғазыновқа хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» шағынауданы, 26/2 үй. Тел.: 87084408317.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Гүлмира Мақсатқызы Таскаринова әкесі **Мақсат Шындаулетұлының** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл облысының судьялар қауымдастығы мен ардагерлері әріптесіміз, Жамбыл облысы, Жамбыл аудандық сотының төрағасы **Саржанов Жамбыл Сатыбалдыұлының** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облысы Нұра аудандық сотының судьясы Жақсыбек Ғабдұлұлы Скаковқа

### АҒАСЫНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Ұлытау облыстық сотының төрағасы Қайрат Төлепбергенұлы Адрановақа жұбайы

### Жанар Несіпбайқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МӘСЕЛЕ

ЖАМАН НӘРСЕНІҢ ЖАЛАУЫ ЖЫЛДАМ ЖЕЛЫРЕГІШ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жауыздықтың түп тамыры отбасынан бастау алып отырғаны мәлім. Отбасынан кеткен қателікті ешбір мектеп, балабақша мен жоғары оқу орны түзете алмайды. Отбасы – әуелі неке құрудан, екі жастың отау құруынан басталады. Ал біздің ап-ашық, тіпті, тыр жалаңаш қоғам не істеді? Экономикалық саясатты жолға қоямыз деп, «мүшеқаптарды» жарнамалады. Демек, бұл – кез келген жастағы бала мен қызға әлгі презервативпен жақындасуға, жыныстық қатынасқа түсе беруге болады деген ұғым. Сөйтіп, оң жақта отырып-ақ жүкті болған қыздар көбейіп, жаңа туған шаранасын да-

лаға тастайтын жауыз аналар пайда болды. Баласын тастағандардың әлгі жауыз әкеден несі артық? Оларға да аяушылық болмау керек.

Заңды неке ғана тату-тәтті, үбірлі-шүбірлі жанұяға ұласады. Осы жерде, заңды некеге антоним ретінде қабылданып кеткен азаматтық неке деген де дүдәмал тіркес қазір сәнге айналған... Азаматтық некеге қатаң тыйым салынуы тиіс. Тыйым салынса – әке мен ананың балаға деген жауапкершілігі әлсірмейді. Бұл сөзімнен ши шығарғысы келгендер мұсылмандығы ұстап, демографиялық саясатты желеу етіп, «бәйбіше, тоқал» мәселесін қайда қоясыз деп сұрақ суыртпақтар. Оған бір-ақ жауап: «Құрған Кәрім-

де» «Бір ғана әйелмен қанағаттану – қиянатқа бармаудың тұра жолы» деген Жаратқанның сөзі бар. Со-сын, (әмеңгерлік, соғыс жағдайындағы мәселені қоспағанда) «Еркекке кемінде төрт әйел алу парыз» емес. Пайғамбар (с.ғ.с) кезінде сансыз әйелдің қойнына бара берушілікті шектеу үшін, «ары кетсе төрт әйелге үйленуге болады» деген пәтуа жасалған...

Тақырыптан ауытқығандай болмайық. Қазақ атамздың «ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деген мәтелі көптеген отбасы мүшелеріне өз-өзін ақтауға түрткі болған. Бұл – өте қауіпті сөз. Ыдыс-аяқ сылдырап тұруы керек екен деп ұққан жас отбасы бір-бірімен үй ішінде ғана емес,

бейсауыт жұрт көзінше де қырқысып, қырылысып, жанжалдасуға бейімделіп кетеді. Күнде ырың-жырың болатын күйбең тірлікте сосын күйеуінің жұдырығы әйеліне қате тиіп кетуі немесе керісінше де болуы ықтимал. Қоғамда отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі де осындай себептермен ушыға бермек. Мұндайға көбіне иманы әлсіздер ұшырайды. Иманы әлсіздер жат діни ағым жетегіне де жылдам ереді. Ал адасқандардың «алды бұрынғыдай – жөн, арты – соқпақ» емес, мұның соңы жоғарыдағыдай, үш баласын өлтірген әкенің ісіне әкеледі: «Адасқанның арты – мұнар, алды – қатер». Бұл қатердің алдын алу тек мемлекет басындағылардың қолынан келемек. Құқық қорғау, заң шығару органдарының белсенділігі қажет. Осы орайда, қазіргі уақыттағы өзбек, тәжік, түркімендердің көп нәрсеге қатты тыйым салған тәртіп үлгісінің тозығын емес, озығын алсақ, сауап болар еді.

Бірінші рет ұрлықпен ұсталғанның саусағын, екінші рет ұсталғанның қолын кесетін Қытайдың ба-

яғыдағы заңын пайдалана тұрсақ та жаман болмас еді. Өзімізде де телі мен тентегінің жаманатын сыртқа шығармай, дер кезінде тыя белетін талай шаралар бар болатын. Дала академиясы ерекше дамыған дана қазақтың қазіргі ұрпағында отбасы, аналар, әкелер институттарының нашар жұмыс істеуі осындай қаныпезерліктердің тууына әкеліп соғып отыр. Тағы бір айта кететін жайт, не нәрсенің де ашық ақпарат көзімен талғамсыз таратылуына ел болып, билік пен бұқара болып шұғыл арада тосқауыл қоюымыз керек! Жаман нәрсенің жалауы жылдам желбірегіш. Жаман хабар жұқпалы аурудай көбейгіш болады. Әдепсіз қылықтар әсем дүниені алабажақ етеді. Соқыр сенімдер сана сәулесін бітейді. Со-сын бұл жалған қайдан қызық бол-сын өмірге келгеніне өкініп жүргендерге...

Үміт БИТЕНОВА, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ШЫТЫРМАН

ПАВЛОДАР «МАНЬЯГІ» ҚАЛАЙ ҰСТАЛДЫ?

Көбіміздің сана тұкпірімінде Кеңес Үкіметі тұсында тыныштық пен тұрақтылық орнаған деген пікір қалыптасқан.

Түн жарымына дейін халық қала көшелерінде еркін қыдырыстап, серуен құратын. Үй мен пәтер есігін бөгде біреу қаға қалса, қорықпастан есік ашатын дәуір білінбестен өте берді. Дегенмен, сол кездерді мамыражай тыныштық заманы деп айтудың өзі қисынсыз болатын. Кеңес заманы тұсында да қылмыс атауы үрей мен қорқыныш бұлтын қоюлата түсетін. Оны естіген кез келген патриоттың төбе шашы тік тұрады. Талай жерге дейін естілетін үрейлі қылмыстық оқиғалардың жиі болатыны ащы болса да шындық еді.

1972 жылдың наурыз айы. Павлодар облысына қарасты Ермак қаласының жергілікті милициясына белгісіз ер адамның зорлығына ұшыраған 8 жасар қыздың анасы шағым айта келді. Осы оқиғадан хабардар болған із кесушілердің ізденісі көпке дейін ешқандай нәтиже бермеді. Ауыр қылмыстың куәгерлерін табу мүмкін болмады. Сонымен қатар, қатты қорқып қалған қыз өзіне шабуылдаған «ағайдың» түр-түсін сипаттап бере алмады. Аудандағы бұрын сотты болғандармен жүргізілген тексеру амалдары да мардымды ешбір жаңалық әкеле қоймады. Олардың арасында әйел, қыз зорлағандар жоққа тән еді. Ауыр қылмыстық іс көпке дейін кібіртіктеп тұруға мәжбүр болды. Қалаға жақын орналасқан елді мекендер де тексеру мен бақылаудан тыс қалмады.

Бір апта өтер өтпестен аудандық бөлімге тағы да бір зорланған жас қыздың анасы келіп тұр. Қылмыс «сценарийі» алдыңғы қылмысқа өте ұқсас еді. Елсіз мекенге апару... «әлдебір қызық көрсетем» деген сылтау... Онан арғысы белгілі. Бес күн өтпей жатып тағы да бір шағым...

Осы оқиғаны жергілікті милиция басшылығы қанша күш салып жасырын ұстауға тырысқанымен, зорлықшының «көп сериялы қылмысы» туралы хабар бүкіл қаланы шарлап кетті. Ермак қаласы аса күшейтілген тәртіпке көшті. Кешкілік тұрғындар өзара бас қосып, осы тақырыпты қауажайтын. Көпшілігі кішкентай қыздарын ерте жарықта мектеп ауласынан өздері күтіп алып, үйге алып қайтатын болды. Қала милициясы дәрменсіз күйде қалды. Маньяк қателік жібермеді. Жедел топ бірнеше сериялы зорлау оқиғасынан соң жәбірленуші қыздардан құнды ақпарат жинай алмады. Тек естігендері: «Зорлықшы – жас жігіт, қысқа қырқылған шашы бар...». Бар болғаны осы-ақ. Күдіктінің бет-әлпетінен айрықша белгілер байқамаған. Не тыртық немесе мең болмағаны тәжірибелі із кесушілердің өздерін әбден састырды.

Келесі бір қыз зорланған соң Ермакта дүрбелең туды. Іс насыра шапты. Тіпті, ата-аналар балаларын мектеп, бала-бақшаларға жібер-

мей, өздері жұмысқа шығудан бас тартты. Осы бір «көтеріліс» 4-жасар Надяның зорланып, буындырылып өлтіріліп, мәйіті автостанция дәретханасынан табылғаннан соң басталды. Сол күні Ермакқа Алматыдан ІІМ-нің күшейтілген жедел тобы да жеткен болатын.

«Мәселе былай, – деді жедел топтың жетекшісі. – Ертең ертемен аттанамыз. Жергілікті құқық қорғаушылар қолдан келгенше көмек береді. Бірден айтайын, біз өз бетімізше жұмыс жасаймыз. Біз қолға алған операцияға жергілікті милицияны араластырмауға тиіспіз. Қандай да бір жіптің ұшы қолға іліксе, дереу маған баяндаңдар! Ешқандай идеяны, болжамды, сұрақты жергілікті әріптестерге ұсынбауға болмайды! Мұның бәріне тыйым саламын әрі істі өз мойныма аламын!» «Жергіліктілердің» әлі күнге түк бітіре алмауы неге екені маған ұнап отырған жоқ...» деп ол шорт кесті.

«Сіздіңше осыны жылдам ашамыз деп ойлайсыз ба?» деп қалды топтағы ең жас қызметкер. «Аға лейтенант, біздің бұдан өзге қандай жолымыз бар еді?» деп топ жетекшісі сұраққа сұрақпен жауап қайырды.

Бөтен аймақтағы жұмыс төркіні «бұдан да жаманы болған, бірақ сирек...» деген ойды қозғады. Бір жағынан тәжірибелі із кесуші пессимистік пиғылға негіз қалаған жоқ. Ал жергілікті милиция мамандары шағын қалашықтағы отбасылық жанжал, пәтер ұрлығы, арақтың кесірінен болған өлімді ашуға машықтанып алған. Табан астынан «жыныстық қатынас маньягі» пайда бола кеткені олар үшін төбеден жай түскенмен бірдей еді. Бір сөзбен айтқанда, тәжірибесі аздау олар не істерлерін білмеді. Қатты дағдарды.

ІІМ-нен келген әбжіл мамандар ақылдасып отыр. «Жергілікті маньяк өз іс-әрекетіне дұрыс есеп беретін дені сау адам тәрізді. Себебі, оқиға орнына күмән туғызатын бірде-бір зат қалдырмаған. Оның үстіне «іске» аса құлшыныспен келді. Тек басындағы бір ғана «ауытқуы» – мектеп жасындағы қыздарға тіреле бергені. Ермакты ой-шұңқырын білуіне қарағанда жергілікті болуы кәдік. Ол әзірге қалада. Жігіттер сеніңдер, біз оны ұстаймыз!» деген қорытындыға табан тіреген «командировкаға келгендер» іске құлшына кірісіп кетті.

Жедел топ қауіпті қылмыскерді тұтқындау үшін ең негізгі жорамалды алға тартты. Егер ол негізсіз болып шықса, екінші кезектегі жұмыс іске қосылады. Екі топ бойынша жұмыс жүргізіген алматылық із кесушілер күрделі жағдайға орай бірден төрт болжамды бетке ұстап қызу іске кірісті. Жедел топтың жетекшісінің ұсынуымен үшінші «еркін іздеу» тобы жасақталды. Олар азаматтардың әйел, қыз зорлау тұрғысын-



да шалған қоңырауын зерттеп, болмаған оқиғаның өзін тексеруге дейін барды. Жедел топ уәкілдері әрбір ақпарат пен шағын детальдың өзін жіті қадағалап отырды. Екі тәуліктен соң ІІМ жедел тобының жетекшісіне «қылмыс картинасының» сұлбасы көріне бастағандай болды.

Ермакқа барлаушылар келді. Олардың келіп жеткені туралы жергілікті милиция хабарсыз болатын. Себебі, белгілі. Құқық қорғаушылар кесірінен сақтасын, өздерінен өздері секем ала бастаған еді. Ермактық милициядан ақпараттық «саңылау» кетуі мүмкін деген күмән да жоқ емес. Алматыдан келген милиция қызметкерлерінің бастамасымен Ермакта азанғы 6-дан түнгі 12-ге дейін тәуліктік кезекшілік тынымсыз жұмыс жүргізді. Күшейтілген көше патрульдері аяғынан тік тұрды. Іздеу жұмыстарының жалғасы екі аптаға дейін созылған болатын.

Осы мерзім ішінде Алматыдан жеткен із кесушілер он беске жуық жыныстық қатынас түрінде жасалған аса ауыр қылмыстарды анық үлгерген еді. Осындай ауыр қылмыстар қатарында 40-жастағы азаматтың 8 жасар қызбен бірге «көңілдістік» жасап тұрғаны анықталды. Қара сақалды азаматтың өзі партия мүшесі, «танымал» адам болған. Із кесушілер оны жергілікті милицияның «үлесіне» қалдырып, өздері жақын қалған «түйінді» шешуге бар ынтасымен кірісе берді. Алайда олардың көкейінде «неліктен жергілікті қылмыстың іздегіру қызметкерлері атышулы маньяктан көз жазып қалып отырған? Қылмыстың жылдам ашылмағаны несі?» деген сауал тұрды. Бұл сауалға кейінірек жауап табылды.

Белгілі бір генерал ағамыз айтқандай: «Біріншіден, сол кездегі қоғам көзінің «сабын көбінінен» ашылмауы еді. Олай дейтініміз, бізде ондай «құбылыс» болуы мүмкін емес деген жаңсақ ұғым. Екіншіден, әлі күнге дейін әр аймақта орын алып отырған кландық жүйе. Осындай қатып-семген істерге ІІМ-нен кәсіби мамандар арнайы шақырылып түйінді шешетін...» Ең бастысы істің ауқымы емес, нәтижесі, көбіне-көп сол мақсатта жетістікке қол жеткізілетін. Бұл жолы да солай болды.

Осы бір атышулы қылмыс турасында әңгіме қозғала қалған жағдайда сол кездегі капитан,

майор шеніндегі бүгінгі генералдар қылмысты ашудың тәсілі мен амалы жөнінде «тіс жармауды» жөн көретін. Зорлықшы қандай тәсілмен қолға түсті деген сауалға олар мардымды ештеңе дей алмады. Басы ашық бір нәрсе – ол жас қыздарға «қырғидай тиген» жанның әйтеуір қолға түсуі.

Кәсіби мамандар шоғырынан тұратын із кесушілер екі тәуліктен соң Макаров дегеннің ізіне түсті. Басшылардың бұйрығы бойынша оны біразға дейін қолға түсірмеу тапсырылды. Кезекті құрбанына беттеген оның қылмысын нақты дәлелдермен мойнына қою міндеті жүктелген болатын. Алайда кезекті қылмысына беттей қоймаған оны жедел топ мекенжайын анықтау арқылы қолға түсіруге мәжбүр болды. Құқық қорғаушылардың тінту жұмыстары біраз айғақтарды алдыға жарқыратып тастады. Зорлықшы тұрған пәтерден қыздардың аяқ-қолын матаған жіп, арқан, орамал, вазелин майы сынды біраз заттар табылды. Кішкентай қыздарды зорлаған арсыздың жасы жиырма екіде болып шықты. Аса жиіркенішті қалып танытпайтын оның сыртқы келбетінен бұрын сотты болғанын айыру қиын еді. Бар-жоғы бұзақылық үшін сотты болған ол түрмеден босап шығысымен кішкентай балаларға деген «махаббаты» ояңғанын аңғарған.

Тергеу іс жылдам әрі қатал жүргізілді. Осындай жұмыстар барысында қылмыскер «ауруға» шалдықпас бұрын мысық жануарын зорлағанын қымысыбастан айтып салды. Жап-жас қыздардың «ағатайлаған» жалынышты дауысына тас жүрегі дір етпеген қатыгез маньяк соңғы құрбаны төрт жасар Надяға өз үйінің подвалында білгенін істеп, буындырып өлтіріп, үлкен қол сөмкеге салып қаладағы автостанция дәретханасына апарып тастаған. Міне осы ауыр оқиға бүкіл Ермак қаласының аяғынан тік тұруына түрткі болды.

Тергеу барысында белгілі болғаны Макаров тіпті қаладан кету мақсатымен поезға билет алып, чемоданын жақсап отырған екен. Алда-жалда қылмыскер ретінде күдікке іліксем құтылуға қажет болар деген оймен тапаншасын тайып алып жүрген. Кейінірек, өзінің айтуынша, жайдан-жай «менттарға» беріле салғысы келмеген. Ақыры өлетінін сезсе соңғы демі қалғанша қарсыласуға бекіген. Көп ұзамай адамдықтың безген хайуанды милиция қызметкерлері қала көшелерімен алып өтіп, оқиға болған жерге беттеген сәтте сырттан бақылап тұрған жұрт оны түтіп жеуге даяр тұрған. Әсіресе, әйелдер тұра ұмтылып, жап-жас жауызды «жыртуға» құлықты еді.

Сот-медициналық сарапшылар Макаровқа жүйке-жүйесі сау, дені дұрыс деген анықтама берді. Өзімен бірге отты қару алып жүруі оның ақыл-есінің қалыпты екенін айғақтағандай. Қылмыскер өзінің іс-әрекетінде жиіркенішті құбылыс бұғып жатқанын өте жақсы біле тұра, осындай қылмысқа саналы түрде беттеген. Сондай қадамға барған ол қылмыс болған жерден ізін жасырып отыруды мықтап жадына түйген.

Тергеу түбегейлі аяқталып, іс шұғыл сотқа жіберілген соң көп ұзамай милицияға жағымсыз хабар келіп жетті! Естіген естілерден ес кетті. Жергілікті прокуратура мен соттың қателігінен Макаровтың жасаған ауыр қылмыстары үшін ату жазасына мүлдем басқа адам кесілген.

Арман ЖУСАНБАЙ

ЗАҢ газеті Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. Батыс Қазақстан облысы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ: 050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz E-mail: zanreklamaastana@mail.ru «Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5578 дана Апталық таралым 11 156 дана Тапсырыс №57 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар. Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31